

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«Түркістан қаласы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық,  
уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының жұмсалуына,  
Түркістан қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму  
бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы  
бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ  
2023 ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша: ( \_\_\_\_ парақ)

## **I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Түркістан қаласы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының жұмсалуына, Түркістан қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

1. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, бюджет қаражаты мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың, даму жоспарының іске асырылуының тиімділігі және жергілікті бюджет түсімдерінің дұрыстығымен бюджет қаражаттарын пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларына сәйкестігін анықтау.

### **1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

1. "Түркістан қалалық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі,
2. "Түркістан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі,
3. Түркістан қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Түркістан қаласының мониторинг және жедел әрекет ету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
4. Түркістан қаласы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
5. Түркістан қаласы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
6. Түркістан қаласы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесінің "Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
7. Түркістан қаласы әкімдігінің "Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
8. Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Түркістан қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
9. Түркістан қаласы әкімдігінің "Түркітілдес халықтардың кітапханасы" мемлекеттік мекемесі,
10. Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
11. Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Turkistan футбол клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
12. Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Түркістан қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
13. Түркістан қаласының ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

14. Түркістан қаласының "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
15. Түркістан қаласы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
16. Түркістан қаласы әкімдігінің "Құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
17. Түркістан қаласы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
18. Түркістан қаласы әкімдігінің Сәулет және қала құрылысы бөлімінің "Түркістан Урбанистика орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
19. Түркістан қаласы әкімдігінің "Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
20. Түркістан қаласы әкімдігінің "Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің "Түркістан жол қызметі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
21. Түркістан қаласы әкімдігінің "Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
22. Түркістан қаласы әкімдігінің инфрақұрылым және коммуникация бөлімінің "Түркістан қалалық газ инспекциясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
23. Түркістан қаласы әкімдігінің Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімінің "Жасыл Түркістан" коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
24. Түркістан қаласы әкімдігінің "Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
25. Түркістан қаласы әкімдігінің "Бизнесті қолдау және туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі,
26. Түркістан қаласы әкімдігінің "Бизнесті қолдау және туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Туристерге қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
27. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Түркістан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі,
28. Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Түркістан қалалық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (Үстеме тексеру),
29. Түркістан қаласы әкімдігінің Инфрақұрылым және коммуникациялар бөліміне қарасты "Түркістан Жарық тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Үстеме тексеру).

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.04.2019-31.03.2023 жылдар аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Түркістан қаласы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және

аудандық бюджет қаржыларының жұмсалыуына, Түркістан қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 23.05.2023 жыл - 11.08.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 29 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 12 мемлекеттік мекемеде, 14 мемлекеттік коммуналдық мекемеде, 1 мекеме республикалық мемлекеттік мекемесінде (Кірістер басқармасында) және үстеме тексеру 1 коммуналдық мемлекеттік мекемеде, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестікте жүргізілді.

**Түркістан қаласы бойынша 2019 жылдың қорытындысымен** жалпы кірістер жоспары 100 580 114,0 мың теңге, орындалғаны 100 867 673,8 мың теңге, 287 559,8 мың теңге немесе 100,3 пайызға асыра орындалған. Атап айтқанда:

-Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығының жоспары 2 442 224,0 мың теңге болса, 2 833 143,6 мың теңге түсім түсіп жоспар 116,0 пайызға немесе 390 919,6 мың теңгеге артық орындалған.

Себебі: артық төлемнің 01.01.2019 жылмен салыстырғанда 65141,0 мың теңгеге жоғары болуы ОҚО облысының Түркістан облысы болып ауысуына байланысты Түркістан қаласына ауысып келген бірқатар мекемелердің түсімдері және басқа мекемелердің 4 тоқсанға аванстық төлемдері есебінен.

Бюджеттің шығыстар бөлігі жоспар бойынша 100 580 114,0 мың теңге болса, 100 325 741,3 мың теңгесі игеріліп, 99,7 пайызды құраған, 254 372,7 мың теңге игерілмеген. Оның ішінде: Объективті себептермен 238 368,3 мың теңге, субъективті себептермен 16 004,4 мың теңге игерілмеген.

Объективті: Мемлекеттік сатып алу бойынша үнемделген қаржы 1 033,1 мың теңге. Айлық жалақы қорынан үнемделген қаржы 1 600,1 мың теңге. Басқа да себептермен «Жұмыспен қамту оралығы» КММ-нен 224 006,7 мың теңге нақтылауға ұсынылған, қала бойынша өтініштердің түспеуінен үнемделген. 11 728,4 мың теңге өзгеде шығыстардан үнемделген қаржы.

Субъективті: «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 10 653,6 мың теңге Түркістан қаласындағы 32 га жер теліміндегі жеке тұрғын үйлердің ішкі квартал жүйелерінің инфрақұрылым құрылысының ЖСҚ-на сараптама әзірлеуден сараптама қорытындысы шықпауынан -6 904,0 мың теңге,;

-Индустралдық аймақтың кеңейтілген аумағына 310 га инженерлік инфрақұрылым жүйесінің құрылысына ЖСҚ әзірлеу сараптама (подъездные пути) сараптама қорытындысы шықпауынан – 3 749,6 мың теңге;

- «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлім» мемлекеттік мекемесі бойынша 800,0 мың теңге «Отырар» мөлтек ауданындағы қуаттылығы 4 мвт/сағ. қазандықты қысымдалған газдан табиғи газға ауыстыруға атқарушылық-техникалық құжаттаманы жинау (ИТД) және жобалау бойынша жұмыстардың орындалмауына байланысты, 490,9 мың теңге ЖСҚ-ның сараптамасы шықпауынан;

- 4 059,8 мың теңге 5 көшені күрделі жөндеу жұмыстарының ЖСҚ-ы бойынша мемлекеттік сараптама қорытындысы шықпауынан.

Түркістан қаласы бойынша 2020 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек 15797,0 мың теңгені (Әкім аппараты-3699,7 мың теңге, Экономика және қаржы бөлім -46,0 мың теңге, Ішкі саясат бөлімі-6,6 мың теңге, Адами капиталды дамыту бөлімі-692,8 мың теңге, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі-8035,3 мың теңге, Спортты дамыту бөлімі-2,0 мың теңге, Құрылыс бөлімі-3302,7 мың теңге, Тұрғын үй инспекциясы бөлімі-1,4 мың теңге, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі-2,2 мың теңге, "Жасыл Түркістан" КММ-8,3 мың теңге), ал кредиторлық қарыз 3441,0 мың теңгені құраған (Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі-318,5 мың теңге, Адами капиталды дамыту бөлімі-2693,0 мың теңге, Спортты дамыту бөлімі-44,0 мың теңге, Құрылыс бөлімі-237,7 мың теңге, Сәулет және қала құрылысы бөлімі-119,3 мың теңге, Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі-28,5 мың теңге).

**2020 жылдың қорытындысымен** жалпы кірістер жоспары 138 613 806.0 мың теңге, орындалғаны 140 242 657,5 мың теңге, 1 628 851,8 мың теңге немесе 101,2 пайызға асыра орындалған. Атап айтқанда:

Салықтық түсімдер 9 238 384,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты 10 083 738,0 мың теңге түскен немесе 109,2% -ға орындалған.

Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар 473 865,0 мың теңге болса, нақты 540 566,5 мың теңгеге орындалып, 114,1 пайызға немесе 66 701,5 мың теңгеге артық орындалған.

Себебі: 2020 жылда төлем төлеген мекемелер есебінен болып отыр, оның ішінде ірілері: 2019 жылға жылдық декларация тапсырып салығын төлеген ЖШС "Каратас Майнинг" 191 509,6 мың теңге, ЖШС "ВІ Construction Turkestan" 125 348,0 мың теңге, ЖШС "ОҢТҮСТІК" аймақтық инвестициялық орталығы 999 167,4 мың теңге, Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасы 35 156,6 мың теңге, ЖШС "U-Con Three 39 943,3 мың теңге, 2017-2019 жылдарға қосымша декларация тапсырып салық төлеген ЖШС "Түркістан жарық-тазалық" 32 013,1 мың теңге, ЖШС "Стройсервис-XXI" 22 773,7 мың теңге, ЖШС "Ырыс" микроқаржы ұйымы" 39 195,6 мың теңге, ЖШС "SEMBOL TURKISTAN" 21 343,9 мың теңге, ЖШС "Қаратау ЛТД" 26 276,8 мың теңге түсім түсірген.

Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығынан жоспар 3 573 940,0 мың теңге болса, нақты 3 961 902,9 мың теңгеге орындалып, 110,9 пайызға немесе 387 962,9 мың теңгеге артық орындалған.

Себебі: 2019 жылдың 4 тоқсан, 2020 жылдың 1-3 тоқсанға салық есептілігін тапсырып, 2020 жыл 4 тоқсанға аванстық төлемдерін төлеген мекемелер есебінен болып, оның ішінде ірілері: "Облыстық клиникалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК 196 566,8 мың теңге, "Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК 204 925,0 мың теңге, ХҚТУ 253 751,5 мың теңге, "ҚР ҚМ МКК Түркістан облысы бойынша МКД" РММ 124 097,5 мың теңге, "Азаматтарға арналған үкімет" МК" коммерциялық емес АҚ Түркістан облысы

филиалы 176 617,3 мың теңге, Түркістан облысы Соттар әкімшісі" РММ 89 231,3 мың теңге, "Қазақстан Халық жинақ банкі"АҚ №399900 Түркістан облысытық филиалы 77 833,0 мың теңге, Би & Эй Контракторс СА ком-ның Астаналық ф-лы 165 077,4 мың теңге, ЖШС "Каратас Майнинг" 32 880,6 мың теңге түсім түсірген.

Әлеуметтік салық бойынша жоспар 3 789 650,0 мың теңге болса, нақты 4 098 448,7 мың теңгеге орындалып, 108,1 пайызға немесе 308 798,7 мың теңгеге артық орындалған.

Бұл жағдай 2019 жылы бірқатар мекемелердің Түркістан қаласына келіп тіркелгенінен туындаған. 2020 жылы көп салық төлеген мекемелердің ішінде ірілері: "Облыстық клиникалық ауруханасы" ШЖҚ МКК 113 950,7 мың теңгеге (2019 жылда 65 924,2 мың теңге, 2020 жылда 179 874,9 мың теңге), "Облыстық жедел мед. жәрдем станциясы" ШЖҚ МКК 75725,9 мың теңгеге (2019 жылда 108 684,4 мың теңге, 2020 жылда 184 410,3 мың теңге), "Облыстық балалар ауруханасы" ШЖҚ МКК 35 080,2 мың теңгеге (2019 жылда 35 391,4 мың теңге, 2020 жылда 70 471,6 мың теңге), "№1 Облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ МКК 58 060,8 мың теңгеге (2019 жылда 28 152,6 мың теңге, 2020 жылда 86 213,4 мың теңге), №2 Облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ МКК 39 755,3 мың теңгеге (2019 жылда 20 393,4 мың теңге, 2020 жылда 60 148,7 мың теңге), ЖШС "Каратас Майнинг" 15 963,1 мың теңгеге (2019 жылда 6 225,0 мың теңге, 2020 жылда 22 488,1 мың теңге), Қазақстан Халық жинақ банкі"АҚ №399900 Түркістан облыстық филиалы 34 303,5 мың теңгеге (2019 жылда 29 138,9 мың теңге, 2020 жылда 63 442,4 мың теңге), Би & Эй Контракторс СА компаниясының Астаналық ф-лы 76 644,0 мың теңгеге (2019 жылда 66 503,6 мың теңге, 2020 жылда 143 147,6 мың теңге), ХҚТУ 82621,2 мың теңгеге (2019 жылда 150 174,9 мың теңге, 2020 жылда 232 796,1 мың теңге) көп түсім түсірген.

Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салығы бойынша жоспар 69 360,0 мың теңге болса, нақты 74 828,3 мың теңгеге орындалып, 107,9 пайызға немесе 5 468,3 мың теңгеге артық орындаған. Себебі 2019 жылғы жеке тұлғалардың мүлік салығының төлеу мерзімі 2020 жылдың 1 қазаны болғандықтан, осы мерзімнен кейін жеке тұлғалардың төлеген салықтары есебінен.

Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы бойынша жоспар 199 680,0 мың теңге болса, нақты 208 088,6 мың теңгеге орындалып, 104,2 пайызға немесе 8 408,6 мың теңгеге артық орындаған. Себебі, 2020 жылы салық берешегін төлеген Алимбеков Қыдырбай Шаттыкович - (ЖСН 661020301839 2020 жылда 10447,7 мың теңге, 2019 жылда түсім жоқ), 10447,7 мың теңге төлеген. ХҚТУ - 4267,6 мың теңгеге (БСН 990440008043 2020 жылда 20 928,1 мың теңге, 2019 жылда 16660,5 мың теңге) артық төлеген, сонымен қатар 2019 жылғы жеке тұлғалардың жер салығын төлегені есебінен артқан;

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым жоспар 3 989,0 мың теңге болса, нақты 5 169,7 мың теңгеге

орындалып, 129,6 пайызға немесе 1 180,7 мың теңгеге артық орындалған. 2020 жылы 288 тұлғадан түсім түскен;

Жергілікті бюджетке төленетін тіркелгені үшін алым жоспар бойынша 66 806,0 мың теңге болса, нақты 82 053,6 мың теңгеге орындалып, 122,8 пайызға немесе 15 247,6 мың теңгеге артық орындалған. Себебі 2020 жылы 29103 төлеушіден түскен түсім есебінен болған;

Салықтық емес түсімдер 2020 жылға 66 434,0 мың теңге көлемінде жоспарланып, 1 рет өзгеріс енгізіліп, 200 586,0 мың теңгеге нақтыланған. Ал, жыл қорытындысы бойынша салықтық емес түсімдер 219 862,8 мың теңгеге орындалып, яғни жоспардан 19 276,8 мың теңге артық түскен.

Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер бойынша 30 000,0 мың теңге жоспарланып, нақты 34 654,3 мың теңге түскен, немесе 4 654,3 мың теңге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалу себебі, коммуналдық меншіктегі тұрғын үй қорынан үйлердің санының көбеюінен және жергілікті бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар есебінен орын алған.

Басқа да салықтық емес түсімдер бойынша 94 740,0 мың теңге жоспарланып, нақты түскені 96 587,1 мың теңге, немесе 1 857,1 мың теңге асыра орындалған. Жоспардың асыра орындалу себебі, уақытша ғимараттарға арналған шығындарды және пайдаланылмаған қаражаттарды қайтару есебінен орын алған.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2020 жылға 115 519,0 мың теңге көлемінде жоспарланып, 2020 жылдың мәслихат шешімдерімен 3 рет өзгеріс енгізіліп, 2 000 000,0 мың теңгеге нақтыланған. Жыл қорытындысы бойынша негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер яғни жоспардан 764 220,2 мың теңгеге артығымен түскен. Жоспар 138,2%-ға орындалған.

Жоспардың асыра орындалуы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдердің 555114,4 мың теңгеге, азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдердің 124618,5 мың теңгеге, жерді және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдердің 84487,3 мың теңгеге артық орындалуынан туындаған.

Бюджеттің шығыстар бөлігі жоспар бойынша 138 613 806,0 мың теңге болса, 138 541 023,4 мың теңгесі игеріліп, 100 пайызды құраған, 72 782,6 мың теңге үнемделуі себепті игерілмеген.

Объективті: 16 700,9 мың теңге (РБ) Жастар практикасынан (мектеп онлайн жүйесінде оқытылуына байланысты мектептерге жолданылған жас мамандары есебінен үнемделген қаржы). «Құрылыс бөлімі» 6 223,4 мың теңге (ЖБ) 113,0 мың теңге - техникалық жоспар тіркеу жұмыстарынан үнемделген қаржы; (РБ) 1298,0 мың теңге - 2/1 блок үйдің құрылысынан үнемделген қаржы; (ОБ) 4713,0 мың теңге - тарихи-мәдени орталықтың шекаралық аймағын газбен жабдықтаудан үнемделген қаржы; (РБ) 93,4 мың теңге - Саттарханов желілік паркінен үнемделген қаржы. «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» 9 728,0 мың теңге (РБ) 7762,0 мың теңге - "Қашқари" сквері; (ОБ) 1949,0 мың



теңге - Тыныштықұлов көшесін абаттандыру, 246,7 мың теңге өзгеде шығыстардан үнемделген қаржы.

Субъективті: «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 22 878,0 мың теңге (ОБ) 22878,0 мың теңге - тарихи-мәдени орталықтың шекаралық аймағын сумен және кәрізбен жабдықтау жұмыстарынан - жұмыс көлемі болмауына байланысты, «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» 17 005,6 мың теңге (ЖБ) Демонстрациялық стенд әзірлеуге келісім-шарт түзілмеуіне байланысты.

Түркістан қаласы бойынша 2021 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық берешек 170 680,0 мың теңгені (*Адами капиталды дамыту бөлімі -170353,0 мың теңге, Экономика және қаржы бөлімі -323,0 мың теңге, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі- 4,0 мың теңге*), ал кредиторлық қарыз 6484,0 мың теңгені құраған (*Адами капиталды дамыту бөлімі -6462,0 мың теңге, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі-22,0 мың теңге*).

**2021 жылы** жалпы жергілікті кірістер бойынша жылдық жоспары 128 665 382,0 мың теңгені құрап, 128 958 444,2 мың теңге қаржы түскен, немесе жоспар 100,2 пайызға орындалып, 293 062,5 мың теңге артық түскен.

2021 жылы қалалық бюджетке түсетін салықтық түсімдердің жоспары 14 745 547,0 мың теңгенің орнына нақты 14 873 693,6 мың теңгесі түскен немесе 100,9% құраған.

Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар 2 972 092,0 мың теңге болса, нақты 2 979 609,8 мың теңгеге орындалып, 100,3 пайызға немесе 7 517,8 мың теңгеге артық орындалған.

Себебі: 2021 жылда 2020 жылдың жылдық декларациясын тапсырып, сонымен қатар 2021 жылдың ағымдағы төлемдерін төлеген мекемелердің салықтары есебінен болып отыр, оның ішінде ірілері: ЖШС "Каратас Майнинг" - 1 758 111,2 мың теңге, ЖШС "BI Construction Turkestan - 1 795 844,4 мың теңге, "ЖШС " TURKISTAN SILK WAY HARBOR – 82 339,3 мың теңге, ЖШС "U-Con Three" – 73 970,2 мың теңге, ЖШС "Саха-2005" – 32 387,0 мың теңге, 2020 жылға берілген хабарлама негізінде және 2021 жылдың салығын төлеген "ИДА ИНШААТ САНАЙИ ВЕ ТИДЖАРЕТ АНОНИМ ШИРКЕТИ" – 1 270 271,2 мың теңге түсім түсірген.

Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығынан жоспар 4 906 972,0 мың теңге болса, нақты 4 922 336 мың теңгеге орындалып, 100,3 пайызға немесе 15 364,9 мың теңгеге артық орындалған.

Себебі, 2020 жылдың 4 тоқсан, 2021 жылдың 1-3 тоқсан салық есептілігін тапсырып салығын төлеген, сонымен қатар 2021 жылдың 4 тоқсан аванстық төлем төлеген салық төлеушілердің төлеген салықтары есебінен болып отыр. Оның ішінді ірілері: ХҚТУ - 316 391,0 мың теңге, "Облыстық клиникалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК -273 750,2 мың теңгеге, "Облыстық жедел мед. жәрдем станциясы" ШЖҚ МКК – 340 987,5 мың теңге , "№1 Облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ МКК – 151 871,6 мың теңге, ЖШС "Оңтүстік Жарық Транзит" Түркістан қаласындағы филиалы

- 124 583,2 мың теңге, ЖШС "№3 Облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ МКК – 100 335,7 мың теңгее, Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназия" КММ - 64692,7 мың теңге түсім түсірген.

Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша жоспар 192 000,0 мың теңге болса, нақты 194 201,1 мың теңгеге орындалып, 101,1 пайызға немесе 2 201,1 мың теңгеге артық орындалған.

Себебі: 2021 жылда хабарлама бойынша 2019 жылға қосымша есептілік тапсырып салығын төлеген ЖК «Керемет» -28130,0 мың теңге, 2020 жылға қосымша салық есептілігін тапсырып салық төлеген ЖК ВАСИТОВА - 12 025,4 мың теңге, ЖК "Ералиев Бахтияр" -5 744,8 мың, БОРАНБАЕВ АСҚАР ЖЕҢІСБАЙҰЛЫ - 6 135,5 мың теңге түсім түсірген.

Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша жоспар 36 341,0 мың теңге болса, нақты 38 269,8 мың теңгеге орындалып, 105,3 пайызға немесе 1 929,1 мың теңгеге артық орындалған. Себебі, 2021 жылда жұмысқа келген шет ел азаматтарының төлеген төлемдері есебінен болып 7469 төлем төленген.

Әлеуметтік салық бойынша жоспар 5 018 615,0 мың теңге болса, нақты 5 024 685,6 мың теңгеге орындалып, 100,1 пайызға немесе 6 070,6 мың теңгеге артық орындалған.

Себебі: 2020 жылдың 4 тоқсан 2021 жылдың 1-3 тоқсан есептілігін тапсырып, сонымен бірге 2021 жылдың 4 тоқсан аванстық төлемдерін төлеген мекемелердің түсумдері есебінен болып отыр, оның ішінде ірілері: "Облыстық клиникалық ауруханасы" ШЖҚ МКК - 250 096,8 мың теңге, "Облыстық жедел мед. жәрдем станциясы" ШЖҚ МКК - 301 998,0 мың теңге "Облыстық балалар ауруханасы" ШЖҚ МКК- 93 689,0 мың теңге, "№1 Облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ МКК - 125 798,8 мың теңге, №2 Облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ МКК – 69 792,8 мың теңге, ЖШС "Оңтүстік Жарық Транзит" Түркістан қаласындағы филиалы - 154 947,7 мың теңге, ЖШС "TURKISTAN SILK WAY HARBOR"- 71 123,4 мың теңге, ЖШС "Каратас Майнинг" – 46 093,4 мың теңге, ХҚТУ - 303 268,2 мың теңге түсім түсірген.

Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салығы бойынша жоспар 120 528,0 мың теңге болса, нақты 124 334,8 мың теңгеге орындалып, 103,2 пайызға немесе 3 806,8 мың теңгеге артық орындаған. Себебі, жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық бойынша салық төлеушілердің 2020 жылғы салықтарын төлеген төлемдері есебінен сонымен бірге Салық Кодексінің 514 -бабына өзгеріс енгізіліп, жеке тұлғалардың мүлік салығы мен жер салығы біріктіріліп, мүлік салығына төлейтін болған.

Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салығы жоспар 364 598,0 мың теңге болса, нақты 385 524,0 мың теңгеге орындалып, 105,7 пайызға немесе 20 926 мың теңгеге артық орындаған. Себебі, 2021 жылдың ағымдағы төлемдерін төлеген салық төлеушілердің салықтары есебінен және өткен жылдарға бересін төлеген салық төлеушілердің 260620,0 мың теңге төлеген болып оның ішінде ірілері; Абдуллаев А.-877,1 мың теңге, Мельдеханова Гульнара Мухамбетжановна -872,4 мың теңге, Кенжеханов

Бахтияр Аспандияров - 966,3 мың теңге, Усенбаева О. -639,6 мың теңге, Турежанов Ерболат Нышанбаевич - 613,9 мың теңге, Балабиев Кайрат Рахимович -534,8 мың теңге, Абубакиров Абдалим Юлдашович -534,8 мың теңге, Кожабаев Нурлан Турганбаевич- 410,3 мың теңге, Ебергенов Бури -356,4 мың теңге, Жылкибаев Айдос Досмаханович - 341,7 мың теңге, Мусабекова Палымша Зубайдуллаевна - 335,3 мың теңге, Утешов Чингизхан Маратович - 323,9 мың теңге, Султанбекова Алмаш Еркинбековна -321,8 мың теңге түсім түсірген.

Жергілікті бюджетке төленетін мемлекеттік баж жоспар бойынша 300 066,0 мың теңге болса, нақты 336 639,4 мың теңгеге орындалып, 112,2 пайызға немесе 36 573,4 мың теңгеге артық орындалған. 2021 жылда 12240 салық төлеуші атынан түскен түсімдер есебінен болған.

2021 жылғы қала бюджетіне түсетін негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша нақты орындалғаны 11 973 638,8 (жоспар 11 664 543,0) мың теңге, 2020 жылмен салыстырғанда түсетін негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер (2 764 220,2 мың теңге 9 209 418,7 мың теңгеге немесе 4,3 есеге артық түскен. Осу қарқыны коммуналдық меншіктегі ғимараттардың сатылуынан туындаған.

Жергілікті бюджеттен жоспарланған шығыстардың жылдық көлемі 128 665 382,0 мың теңгенің 128 626 392,2 мың теңгесі игеріліп, жоспар 100 пайызға орындалған. Игерілмеген 38 989,8 мың теңге.

Объективті: Мемлекеттік сатып алу бойынша үнемделген қаржы 318,7 мың теңге. Айлық жалақы қорынан үнемделген қаржы 3 020,5 мың теңге. Басқада себептермен 51,2 мың теңге өзгеде шығыстардан үнемделген қаржы.

Субъективті: «Жұмыспен қамту оралығы» КММ-нен 804,7 мың теңге Негізсіз алынған гранттардың қайтарылуынан, «Құрылыс бөлімі» 623,6 мың теңге Жылжымайтын мүліктерге техникалық құжаттар әзірлеуден, МСА порталында келісім шарттың жеңімпаз анықталмауынан, «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» 33 975,8 мың теңге Түркістан қаласындағы №1-2 шағын ауданында ішкі орам жылу желілерін қайта жаңарту бойынша жұмыс көлемінің болмауынан, 1 000,0 мың теңге Түркістан қаласында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды табиғи газбен қамтамасыз ету құрылысы бойынша жұмыс көлемінің болмауынан.

Түркістан қаласы бойынша 2021 жылдың қорытындысымен пайда болған дебиторлық қарыз 435 222,4 мың теңгені (*Құрылыс бөлімі -433481,5 мың теңге, Әкім аппараты -582,0 мың теңге, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі-88,4 мың теңге, "Жасыл Түркістан" КММ-1070,5 мың теңге*) және кредиторлық қарыз 303 110,6 мың теңгені құрайды (*Әкім аппараты-387,9 мың теңге, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі-3760,0 мың теңге, Құрылыс бөлімі-298962,7 мың теңге*).

**2022 жылы** жалпы жергілікті кірістер бойынша жылдық жоспары 133 933 511,0 мың теңге, нақты 132 037 418,2 мың теңге қаржы түскен, немесе жоспар 98,6 пайызға орындалып, 1 896 092,8 мың теңге кем түскен.

101201- «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» 2022 жылға жоспар 5 584 335,0 мың теңге, орындалуы 5 557

913,0 мың теңге, 99,5 пайызға немесе 26 422,0 мың теңгеге (контингент 38 182,1 мың теңге) кем орындалған.

Себебі, 2022 жылда шаруашылық мекемелерінде жұмыс ауқымы аз болуына байланысты өткен жылмен салыстырғанда кем салық төлеген мекемелерден: "Bazis Construction" ЖШС-нің Түркістан қаласындағы филиалы – 14,2 млн теңге, ЖШС "SEMBOL TURKISTAN" – 23,5 млн теңге, ЖШС "ТехИнтерГрупп"-26,8 млн теңге кем төлеген. Орналасқан жері бойынша басқа салық органдарына ауысуы себебінен ЖШС "U-Con Three" – 26,8 млн теңге, Су ресурстары комитеті «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК "Оңтүстікауызсу" филиалы -10,2 млн теңге кем түскен.

101202 - «Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар 300 000,0 мың теңге, орындалуы 274 904,1 мың теңге, 91,6 пайыз немесе 25 095,1 мың теңгеге кем орындалған.

Себебі: 2022 жылда 2021 жылдың жылдық декларациясын тапсырған салық төлеушілер (ЖК "Керемет" - 15,5 млн теңге, ЖК «JMDS» - 5,9 млн теңге ЖК "Паттеев" - 5,9 млн теңге, Мақамбаев Умитжан -5,4 млн теңге, Боранбаев Асқар -7,3 млн теңге, Бекболатов Артыкбай – 6,1 млн теңге) есебінен кеміген.

101205 - «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бойынша жоспар 49 073,0 мың теңге, орындалуы 42 216,2 мың теңге, 86,0 пайыз немесе 6 856,8 мың теңгеге кем орындалу себебі, Шетел азаматтарынан 2021 жылы 7 469 төлем төленсе 2022 жылы барлығы 6 774 төлем төленген.

103101 - «Әлеуметтік салық» бойынша жоспар 4 406 178,0 мың теңге, орындалуы 4 402 653,2 мың теңге, 99,9 пайыз, 3 524,8 мың теңгеге (контингент 5 245,3 мың теңге) кем орындалған.

Себебі: 2022 жылда шаруашылық мекемелерінде жұмыс ауқымы аз болуына байланысты және өткен жылмен салыстырғанда кем салық төлеген мекемелер: "Bazis Construction" ЖШС-нің Түркістан қаласындағы филиалы – 12,9 млн теңге, ЖШС "SEMBOL TURKISTAN" – 19,3 млн теңге, ЖШС "ТехИнтерГрупп"- 20,1 млн теңге кем төлеген. Орналасқан жері бойынша басқа салық органдарына ауысуы себебінен ЖШС "U-Con Three" – 24,6 млн, Су ресурстары комитеті «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК "Оңтүстікауызсу" филиалы – 13,5 млн теңге.

104101 - «Занды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық» бойынша жоспар 763 442,0 мың теңге, орындалуы 657 198,4 мың теңге, 86,1 пайыз немесе 106 243,6 мың теңгеге кем орындалу себебі, өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқынының 136,1 пайызға 174477,0 мың теңгеге жоғары болуына қарамай жоспар 86,1 пайызға 106244 мың теңгеге кем орындалып отыр. 2022 жылғы ағымдағы төлемдерінің 4 мерзімін төлеген мекемелер оның ішінде ірілері: ЖШС "Aqua Brand" -77480,2 мың теңге, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ № 399900 Түркістан облыстық филиалы - 54284,3 мың теңге, "ҚТЖ" Ұлттық компаниясы" АҚ - "Шымкент магистралдық желі бөлімшесі" ф-лы 17966,8 мың теңге, "KEGOC" АҚ "Оңтүстік жүйеаралық электр тораптары" филиалы - 41890,4 мың теңге, ЖШС "ОҢТҮСТІК" АИО" - 4916,3 мың теңге түсім кем түсірген.

108126 «Жергілікті бюджетке төленетін мемлекеттік баж» бойынша жоспар 335 000,0 мың теңге, орындалуы 223 423,5 мың теңге, 66,7 пайыз немесе 111 576,5 мың теңгеге кем орындалды, 2022 жылда 13312 дана төленген төлем есебінен болып, оның ішінде ірі төлем төлеген салық төлеушілер "Қазақстан халық жинақ Банкі" АҚ -17080,2 мың теңге (БИН 940140000385), "Ордабасы аудандық орталық ауруханасы" ШЖҚ МКК -3507,5 мың теңге (091040002440) және 2021 жылы "Bank RBK" Банкі" акционерлік қоғамынан - 150 100,0 мың теңге бір реттік төлем түсуінен (БСН 920440001102).

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жыл қорытындысы бойынша яғни жоспардан 2 052 391,6 мың теңгеге кем түскен. Жоспар 94,7%-ға орындалған.

Жоспардың кем орындалуы «7-20-25» бағдарламасы аясында азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдерден 81 пәтер оның ішінде: 52-ге жуығы 10,11 қабатта орналасуына байланысты және 1,2 бөлмелік пәтерлердің шаршы метрі аз болғандықтан тұрғындар сатып алудан бас тартқан.

Қала бюджетінің 2022 жылға жоспарланған 133 933 511,0 мың теңгенің 131 929 618,4 мың теңгесі игеріліп, жоспар 98,5 пайызға орындалған. 2 003 892,6 мың теңге игерілмеген.

Оның ішінде:

Республикалық бюджеттен жылдық жоспар 12 153 711,0 мың теңге, орындалуы 12 153 577,6 мың теңге (100,0%) қалдық 133,4 мың теңге.

Ұлттық қордан жылдық жоспар 12 718 797,0 мың теңге, орындалуы 12 266 846,6 мың теңге (96,4%) қалдық 451 950,4 мың теңге.

Облыстық бюджет бойынша жылдық жоспар 33 765 292,0 мың теңге, орындалуы 32 916 408,1 мың теңге (97,5%) қалдық 848 883,9 мың теңге.

Субвенция бойынша жылдық жоспар 22 269 006,0 мың теңге, орындалуы 21 978 745,9 мың теңге (98,7%) қалдық 290 260,1 мың теңге.

Жергілікті бюджеттің жылдық жоспар 53 026 705,0 мың теңге, орындалуы 52 614 035,5 мың теңге (99,2%) қалдық 412 669,5 мың теңге.

Пәтерлер сатудан түсетін түсімдердің жоспары толық орындалмауына байланысты жыл соңында ҚБШ-да (КСН) қаржы тапшылығы туындап, нәтижесінде 2 003 892,7 мың теңге игерілмеген.

Республикалық бюджеттен қалдық 133,4 мың теңге үнемделген қаржы.

Ұлттық қордан 451 950,4 мың теңге қалдық.

Оның ішінде: 451 002 055 бағдарламасы бойынша 195 136,2 мың теңге гранттарға жоспардан тыс берілуінен және 5-кезек гранттың ашылмауына байланысты игерілмеген.

813 028 032 бағдарламасы бойынша 10 960,6 мың теңге игерілмеген. Атап айтқанда:

Түркістан қаласы, Т.Диметов көшесі аумағындағы тұрғын үй массивін сапалы электр қуатымен қамтамасыз етуден 4 740,3 мың теңге жұмыс кестесінен кешігуіне байланысты.

Түркістан облысы, Түркістан қаласының Тәуке хан даңғылы, Қазыбек би, М.Абенев, Төле би, Н.Төрекұлов, Н.Тыныштықұлов көшелері бойында 10-0,4

кВ кабель желілерін салу құрылысы (түзету) 2 494,1 мың теңге жұмыс кестесінен кешігуіне байланысты.

Түркістан облысы, Түркістан қаласының Б.Саттарханов даңғылы, Кенесары көшесі бойында, I-II мөлтек аудандарында, ОТП-3-те 10-0,4 кВ кабель желілерін салу құрылысы (түзету) 3 726,2 мың теңге жұмыс кестесінен кешігуіне байланысты.

813 029 032 бағдарламасы бойынша 245 773,2 мың теңге игерілмеген. Атап айтқанда:

Түркістан қаласы, Жаңақұрылыс, 1,2 және Ремзауыт м/а ауыз сумен қамтамасыз ету жүйелерін қайта құрудан 157 539,5 мың теңге техникалық экономикалық негіздемелерді, жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге байланысты.

Түркістан қаласы, Бекзат м/а тұрғын үй массивін сарқынды су жүйесімен қамтамасыз ету құрылысынан 22 043,5 мың теңге жұмыс кестесінен кешігуіне байланысты.

Түркістан қаласы, Иассы және Шавгар мөлтек аудандарының су құбыры желілерін қайта құрудан 4 450,8 мың теңге жұмыс кестесінен кешігуіне байланысты.

Түркістан қаласы, Иассы мөлтек ауданы, Бірлік тұрғын үй массивін сарқынды су жүйесімен қамтамасыз етуден (түзету) 5 219,1 мың теңге жұмыс кестесінен кешігуіне байланысты.

Түркістан қаласындағы жаңадан қоныстанған аумақтардағы ауыз су жүйесінің құрылысынан 56 520,3 мың теңге жұмыс кестесінен кешігуіне байланысты.

80,4 мың теңге өзгеде шығыстар мен айлық жалақы қорынан үнемделген қаржы.

Облыстық бюджеттен 848 884,0 мың теңге қалдық:

813 035 028 бағдарламасы бойынша 724 843,4 мың теңге Түркістан қаласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарынан игерілмеген қаржы, КСН-де қаржы болмауына байланысты.

813 030 028 бағдарламасы бойынша 8 464,7 мың теңге Түркістан қаласы санитариясынан игерілмеген қаржы, КСН-де қаржы болмауына байланысты.

485 045 028 бағдарламасы бойынша 111 365,0 мың теңге Түркістан қаласы көшелерінің орташа жөндеу жұмыстарынан игерілмеген қаржы, КСН-де қаржы болмауына байланысты.

485 022 028 бағдарламасы бойынша 989,3 мың теңге Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Бірлік ауылындағы Арнасай және Алғабас көшелерінің арасында "Арыс-Түркістан" автомобиль көпірін салу жұмыстарынан конкурс нәтижелерінің аяқталмауынан игерілмеген қаржы.

467 003 028 бағдарламасы бойынша 3 120,0 мың теңге Түркістан қаласының ӘЮ-да 7,9,12 қабатты көппәтерлі 33 тұрғын үй салудан үнемделген қаржы.

Қалған 101,5 мың теңге өзгеде шығыстардан үнемделген қаржы.

Субвенция бойынша 290 260,1 мың теңге игерілмеген. 283 133,0 мың теңге Түркістан қаласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарынан

игерілмеген қаржы, КСН-де қаржы болмауына байланысты. 7 127,1 мың теңге ағымдағы өзгеде шығыстардан үнемделген қаржы.

Жергілікті бюджеттен 412 669,5 мың теңге игерілмеген.

Түркістан қаласы бойынша 2022 жылдың қорытындысымен пайда болған дебиторлық қарыз 20,6 мың теңгені (*сәулет және қала құрылысы*) бөлімі және кредиторлық қарыз 2 051 524,0 мың теңгені құрайды (*Әкім аппараты-113,5 мың теңге, ішкі саясат бөлімі-49767,4 мың теңге, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі-3226,0 мың теңге, Құрылыс бөлімі-267302,7 мың теңге, Сәулет және қала құрылысы бөлімі-118595,5 мың теңге, Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі-1591974,0 мың теңге, Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі-20544,9 мың теңге*).

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

### **Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша**

Жалпы аудитпен 151 419 091,6 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2019 жылдың тексеру кезеңі бойынша 15 759 744,0 мың теңге, 2020 жылдың тексеру кезеңі бойынша 42 074 736,8 мың теңге, 2021 жылдың тексеру кезеңі бойынша 31 742 475,6 мың теңге, 2022 жыл кезеңіне 48 540 030,8 мың теңге, 01.01.2023-31.03.2023 жылдың кезеңіне 13 302 104,4 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 29 объектінің ішінде 14-де қаржылық бұзушылықтар, 2 мекемеде тиімсіз пайданылған бюджет қаржаты, 2 мекемеде ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайда және 1 мекемеде бюджетке түсетін түсімдер бойынша түсімдер қамтамасыз етілмеген, 21-объектіде 104 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **51 412 201,2 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **18 958,3 мың теңге**;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **49 942 747,7 мың теңге**;
- бюджетке түсетін түсімдерді қамтамасыз ету бойынша-**2 665,1 мың теңге**;
- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **1 102 680,3 мың теңге**;
- ықтимал, экономикалық шығындар мен жіберіп алған пайда сомасы **345 149,8 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **49 964 371,1 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **49 942 747,7 мың теңге**, өтелуге жататыны **18 958,3 мың теңге**, бюджетке түсетін түсімдерді қамтамасыз ету бойынша **2 665,1 мың теңге**.

Жалпы барлығы **40 316 394,0 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген, -аудиторлық іс-шара барысында 40 316 220,0 мың теңге, оның ішінде: (*оның ішінде 40 310 323,5 мың теңге қалпына келтірілген болса, 3 405,4 мың теңгесі өтелді, бюджетке түсетін түсімдерді қамтамасыз ету бойынша 2 491,1 мың теңге* ).

-аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 174,0 мың теңге (*бюджетке түсетін түсімдер қамтамасыз етілген 174,0 мың теңге*).

**Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 3 мекемеде 18 958,3 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:**

**1.** Сый ақыны дұрыс тағайындамау салдарынан 1 мекемеде **847,3 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:

- Түркістан қаласы әкімдігінің «Бизнесті қолдау және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 847,3 мың теңге.

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесінің 4 тармақ 1) тармақшасының талаптары бұзылған.*

**2.** 1 мекемеде Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде техникалық қадағалаушыға сметалық құжаттамада қаралған сомадан **3405,4 мың теңге** артық аударылған..

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 96 бабы 1 тармағы, 97 бабы 6 тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 215-тармақ 2) тармақшасының талаптары сақталмаған.*

**3.** «Түркістан Жарық Тазалық» ЖШС-мен кондиминуум объектілерін күрделі жөндеуге бөлінген бюджеттік кредиттен үнемделген жалпы **14 705,6 мың теңге** тиісті бюджетке қайтарылмаған, оның ішінде жергілікті бюджеттен 739,3 мың теңге және республикалық бюджеттен 13 966,3 мың теңге.

*Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 620 тармағына, 04.05.2022 жылғы №1 кредиттік келісім шарттың 4.5.11 тармағына сәйкес бюджеттік кредитті игеру кезеңінде қарыз алушы пайдаланбаған кредит сомасы ББС-ның түсімдер сыныптамасының тиісті кодына игеру кезеңі аяқталған күннен бастап үш күннің ішінде тиісті бюджетке қайтаруға жатады.*

**II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 14 мекемеде жалпы 49 942 747,7 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:**

- «Түркістан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 123 550,5 мың теңге;

- Түркістан қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 5 058 297,7 мың теңге;

- Түркістан қаласы әкімдігінің «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 36 596,0 мың теңге;

- Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Түркістан қалалық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 12 964,2 мың теңге;



**13. Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Turkistan футбол клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.** Аудит барысында 2023 жылдың шілде айындағы № 28 мемориалдық ордермен және 20.07.2023 жылғы №2-ші бухгалтерлік анықтамамен 1 487,8 мың теңгенің 659,1 мың теңгесі 1261 "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотына, 89,0 мың теңгесі 2710 «Материалдық емес активтер» шотына, 735,2 мың теңгесі 3246 "Пайдаланылмаған демалыс бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотына, жазылса, 4,5 мың теңгесі 2390 «Негізгі құралдардың жинақталған амортизация мен құнсыздануы» қосалқы шотына жазылып, 1 487,8 мың теңгеге 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" қосалқы шотынан қысқартылды.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің есепшісі А.Керимбековаға 28.07.2023 жылғы №45 бұйрықпен «ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілді.

**14. Түркістан қаласы әкімдігінің «Бизнесті қолдау және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Туристерге қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2023 жылдың 18 шілдесіндегі №1 бухгалтерлік анықтамалармен және шілде айындағы 28 мемориалды ордермен 2021 жылы шығыс етілген 1 құрылыс нысанының 1 197 733,0 мың теңгеге жұмыстары 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредитіне және 2411 "Аяқталмаған құрылыс" қосалқы шотының дебетіне жазба жүргізіліп, қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, осы анықтамамен алдын шығыс етілген 2021 жылы ЖК "Нұр-Ислам" 24.09.2021 жылы тауар құжаттамасымен орантылған 600,0 мың теңгенің шлагбаумы мен 27.09.2021 жылы тауар құжаттармен орантылған 1 450,0 мың теңгеге қоршаулары 2383 «Өзге де негізгі құралдар» шотының дебетіне, "Алжан Орда" ЖШС-нен 31.03.2021 жылы тауар құжаттамасымен орнатылған ғимараттардағы 12 000,0 мың теңгенің желдету жүйелерінің жабдықтары 2330 "Құрылыстар" шотының дебетіне және "Айжан" ЖК-нен 30.06.2021 жылы тауар құжаттамасымен сатып алынған 150,0 мың теңгенің үздіксіз қуат көзі (УПС) 1319 "Өзге материалдар" қосалқы шотының дебеті және 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредитіне жазба жүргізіліп, қалпына келтірілді.

2023 жылдың 18 шілдесіндегі №2 бухгалтерлік анықтамалармен және шілде айындағы 28 мемориалды ордермен 2021 жылы шығыс етілген 1 құрылыс нысанының 142 408,5 мың теңгеге жұмыстары 5220 "Өткен

жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредитіне және 2411 "Аяқталмаған құрылыс" қосалқы шотының дебетіне жазба жүргізіліп, қалпына келтірілді.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін, мекеме басшысының 26.07.2023 жылғы №66 ж/қ бұйрығымен мекеменің сол кезде есепші қызметін атқарған Төлегенов Назар Мұратханұлына «ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

**15. Түркістан қаласы әкімдігінің Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімінің «Жасыл Түркістан» КММ.** Мемлекеттік аудит барысында бұрмаланған бухгалтерлік есепке түзетулер бухгалтерлік корреспонденциясы беріліп, 2023 жылдың тамыз айында қайта түзу арқылы (28 МО мен №1 бухгалтерлік анықтама) қалпына келтірілді. Атап айытқанда 2023 жылдың тамыз айындағы № 28 мемориалдық ордермен және 04.08.2023 жылғы №1-ші бухгалтерлік анықтамамен 1 746 726,0 мың теңгеге 2620 "Көпжылдық екпелер" қосалқы шотына дебетіне және 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" қосалқы шотының кредитіне беріліп, бұрмаланған есеп қалпына келтірілді.

2023 жылдың тамыз айында қайта түзу арқылы (28 МО мен №2 бухгалтерлік анықтама) қалпына келтірілді. Атап айытқанда 2023 жылдың тамыз айындағы № 28 мемориалдық ордермен және 08.08.2023 жылғы №2-ші бухгалтерлік анықтамамен 1 754 344,0 мың теңгеге 2620 "Көпжылдық екпелер" қосалқы шотына дебетіне және 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" қосалқы шотының кредитіне беріліп, бұрмаланған есеп қалпына келтірілді.

2023 жылдың тамыз айында қайта түзу арқылы (28 МО мен №3 бухгалтерлік анықтама) қалпына келтірілді. Атап айытқанда 2023 жылдың тамыз айындағы № 28 мемориалдық ордермен және 08.08.2023 жылғы №3-ші бухгалтерлік анықтамамен 746 142,3 мың теңгеге 2620 "Көпжылдық екпелер" қосалқы шотына дебетіне және 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" қосалқы шотының кредитіне беріліп, бұрмаланған есеп қалпына келтірілді.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан қаласы әкімдігінің Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімінің «Жасыл Түркістан» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 07.08.2023 жылғы №569 ж/қ бұйрығымен мекеменің бас есепшісі А.Джусипбековаға «Ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

**16. Түркістан қаласы әкімдігінің «Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Мемлекеттік аудит барысында 2023 жылдың шілде айындағы № 28 мемориалдық ордермен және 2023 жылдың 21-ші шілде күнгі №1-ші бухгалтерлік анықтамамен 1 526,7 мың теңгеге бұрмаланған бухгалтерлік есепке түзетулер бухгалтерлік корреспонденциясы беріліп, 2023 жылдың шілде айында қайта түзу арқылы (28 МО мен №1 бухгалтерлік анықтама) қалпына келтірілді. 3246 "Пайдаланылмаған демалыс бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредитіне және 7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар" шотының дебетіне жазба жүргізілді.

Мемлекеттік аудит барысында бұрмаланған бухгалтерлік есепке түзетулер бухгалтерлік корреспонденциясы беріліп, 2023 жылдың шілде

айында қайта түзу арқылы (28 МО мен №1 бухгалтерлік анықтама) қалпына келтірілді. Атап айытқанда 2023 жылдың шілде айындағы № 28 мемориалдық ордермен және 20.07.2023 жылғы №2-ші бухгалтерлік анықтамамен 74 317,8 мың теңгесі 2380 «Өзге де негізгі құралдар» шотына, 5 891 234,2 мың теңгесі 2411 «Аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотына жазылып, 5 965 552,0 мың теңгеге 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" қосалқы шотынан қысқартылды.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан қаласы әкімдігінің «Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының 26.07.2023 жылғы №44 ж/қ бұйрығымен мекеменің статистикалық есепке алу және есептілік қызметкері Б.Рысбековке «Ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

**17. Түркістан қаласы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің «Түркістан жол қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

2023 жылдың шілде айында қайта түзу арқылы (28 МО мен №2 бухгалтерлік анықтама) қалпына келтірілді. Атап айытқанда 2023 жылдың шілде айындағы № 28 мемориалдық ордермен және 20.07.2023 жылғы №2-ші бухгалтерлік анықтамамен 236 525,1 мың теңгесі 2411 «Аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотына жазылып, 236 525,1 мың теңгеге 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" қосалқы шотынан қысқартылды.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол бергені үшін Түркістан қаласы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің «Түркістан жол қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 26.07.2023 жылғы №45 н/қ бұйрығымен мекеменің бас есепшісі Р.Әбдіхалықовқа «Ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

**18. Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.** Аудит барысында анықталған бұзушылықтар бойынша 1 749 266,6 мың теңге 31.07.2023 жылғы №4 бухгалтерлік анықтамасымен, 1 439 281,7 мың теңге 31.07.2023 жылғы бухгалтерлік анықтамасымен, 2 674 214,0 мың теңге 31.07.2023 жылғы №2 бухгалтерлік анықтамасымен, 397 418,3 мың теңге 31.07.2023 жылғы бухгалтерлік анықтамасымен, 7 778 630,4 мың теңге 31.07.2023 жылғы №3 бухгалтерлік анықтамасымен, 4 529 699,3 мың теңге 31.07.2023 жылғы бухгалтерлік анықтамасымен, 184 962,7 мың теңге 31.07.2023 жылғы бухгалтерлік анықтамасымен қалпына келтірілді.

Сонымен бірге мемлекеттік аудит барысында техникалық қадағалаушыға артық төленген 3405,4 мың теңге 11.08.2023 жылғы №37 төлем тапсырмасымен жергілікті бюджетке 206109 кодына толық өндірілді.

**19. «Түркістан жарық-тазалық» ЖШС.** Мемлекеттік аудит барысында 2019,2020 жылғы толық төленбеген таза табыстың 928,0 мың теңгесі 13.07.2023 жылғы №2349,2350 төлем тапсырмасымен жергілікті бюджетке 201302 кодына толық өндірілді.

**20. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер**

**департаментінің Түркістан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.**

Түркістан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі 15.08.2023 жылғы № МКБ-04-11/2837 шығыс хатымен Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы» БСН 090840015191 IV-тоқсан 2022 жыл үшін қосымша нысан бойынша декларациясын 18.07.2023 жылы №582018072023N00306 тапсырып жеке табыс салығына 85,0 мың теңге, әлеуметтік салыққа 90,0 мың теңге есептеп, 02.08.2023 жылы жеке табыс салығына 85,0 мың теңге, әлеуметтік салыққа 90,0 мың теңге бюджетке төлегенін хабарлаған.

**21.** Түркістан қаласы «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № хатында «ОҚО, Түркістан қаласы, Аль-Фараби атындағы №10 мектептің спортзал ғимараты құрылысы» нысаны Түркістан қаласы әкімдігінің 2023 жылғы «14» шілдедегі №255 «Мүлікті теңгерімнен теңгерімге беру туралы» қаулысы негізінде 13.07.2023 жылғы №30 өткізу-қабылдау актісімен Түркістан қаласының «Адами әлеуетті дамыту бөлімінің» теңгеріміне, «Түркістан қаласындағы индустриалдық аймақ аумағын 310 га кеңейту және инфрақұрылымды тарту. Абаттандыру (Бақылау-өткізу пункті (КПП), арка, қоршау) (2-кезек) құрылысы» нысаны Түркістан қаласы әкімдігінің 2023 жылғы «14» шілдедегі №253 «Мүлікті теңгерімнен теңгерімге беру туралы» қаулысы негізінде 17.07.2023 жылғы №31 өткізу-қабылдау актісімен «Turkistan» индустриалды аймақтарының басқарушы компаниясы» ЖШС теңгеріміне, «Түркістан қ. ӘЮ-да 5-7 қабатты 23 тұрғын үй салу (7 қабатты 15 тұрғын үй). №1-15 тұрғын үйлердің түтіндіктер (коаксиалды) орнату» нысаны Түркістан қаласы әкімдігінің 2023 жылғы «14» шілдедегі №254 «Мүлікті теңгерімнен теңгерімге беру туралы» қаулысы негізінде 13.07.2023 жылғы №29 өткізу-қабылдау актісімен Түркістан қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ теңгеріміне өткізілгені хабарланған.

**3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

Жүргізілген мемлекеттік аудитпен 151 419 091,6 мың теңге оның ішінде 2019 жылдың тексеру кезеңі бойынша 15 759 744,0 мың теңге, 2020 жылдың тексеру кезеңі бойынша 42 074 736,8 мың теңге, 2021 жылдың тексеру кезеңі бойынша 31 742 475,6 мың теңге, 2022 жыл кезеңіне 48 540 030,8 мың теңге, 01.01.2023-31.03.2023 жылдың кезеңіне 13 302 104,4 мың теңге, оның ішінде 51 412 201,2 мың теңге сомасында бұзылушылықтар анықталды, бұл қамту сомасының 34 % құрады. Бұзылушылықтардың жалпы көлемінде қаржылық бұзылушылық 97,2 пайыз үлес салмағын алып отыр.

Қаржылық бұзушылықтар сыйақыны дұрыс есептемеу салдарынан 1 мекемеде 847,3 мың теңге, 1 мекемеде техникалық қадағалаушыға сметалық құжаттамада қаралған сомадан 3 405,4 мың теңге артық аударылғаннан, «Түркістан Жарық Тазалық» ЖШС-де кондиминуим объектілерін күрделі жөндеуге бөлінген бюджеттік кредиттен үнемделген жалпы 14 705,6 мың теңге тиісті бюджетке қайтарылмаған, (оның ішінде жергілікті бюджеттен 739,3 мың теңге

және республикалық бюджеттен 13 966,3 мың теңге) және 14 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 49 942 747,7 мың теңгені құраған, оның ішінде бақылау өлшемін (тексеріп қарау) жүргізу барысында, Түркістан қаласы әкімдігінің Құрылыс бөлімінде ОҚО, Түркістан қаласы, Аль-Фараби атындағы №10 мектептің спортзал ғимараты құрылысы» нысаны бойынша жалпы 1097,2 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 035 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бюджеттік бағдармасы бойынша «Түркістан қаласында спорт алаңшаларын орнату және абаттандыру жұмыстары» нысаны бойынша Байбұрт көшесінің бойында теннис кортын салу, абаттандыру жұмыстары, №23 мектеп аумағында теннис корты және футбол алаңын орнату және абаттандыру жұмыстары, Саттарханов даңғылы аумағынан спорт алаңшаларын орнату және абаттандыру жұмыстары бойынша, жалпы 62893,2 мың теңгеге, «Түркістан қаласындағы Саттарханов пен Майкотов көшелерінің арасындағы жасыл желектерді абаттандыру-суландырудың гидранттық жүйесін орнату» нысанының құрылысы жұмыстары бойынша жалпы 1078,6 мың теңгеге орындалмаған жұмыс көлемдері және «Түркістан жарық-тазалық» ЖШС-де бақылау өлшемін (тексеріп қарау) жүргізу барысында, «Түркістан қаласындағы Саттарханов пен Майкотов көшелерінің арасындағы жасыл желектерді абаттандыру-суландырудың гидранттық жүйесін орнату» нысанында жалпы 41854,2 мың теңгеге орындалмаған жұмыстар көлемі, мердігерлер және техникалық қадағалаушы ұйымдармен шарттық міндеттемелерді орындамау не тиісінше орындамауынан күрделі жөндеу жүргізілген 46 көпқабатты тұрғын үйлердің 15 тұрғын үйлері бойынша қабылдау комиссиясымен нысан қабылданбаған, оның ішінде 9 тұрғын үйлер бойынша 32 809,2 мың теңгеге 2022 жылғы Форма-2 атқарылған жұмыстарды қабылдау Актісі бойынша «Түркістан қаласы, Т.Бәйтерекұлы көшесі, №16,17,18,19 көпқабатты тұрғын үйді күрделі жөндеу», «Түркістан қаласы, Тәукехан көшесі, №274-Б көпқабатты тұрғын үйді күрделі жөндеу» және «Түркістан қаласы, Н.Төреқұлов көшесі №10 көпқабатты тұрғын үйді күрделі жөндеу» нысанында техникалық қадағалау қызметін көрсететін «Гранд Пром Сервис» ЖШС-гі және «ИНСТАТ» ЖШС-мен бірлесіп қабылданған жұмыстардың ішінен, жалпы 6802,3 мың теңгеге орындалмаған жұмыс көлемдері анықталып, жұмыстар атқарылмауынан орын алған.

Аудит объектілері қызметкерлері заңнаманы сақтамауы есебінен сыйлық ақыны дұрыс есептемеу салдарынан бюджет қаражатын негізсіз төлеуге әкеп соқты.

Мемлекеттік мекемелер бюджетті әзірлеу, бекіту, нақтылау және түзету кезінде жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджет жүйесінің қағидаттарын сақтаған. Сонымен қатар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын мемлекеттік мекемелер бюджеттік өтінімдерді жасауды тиісті есептеулер мен негіздемелерсіз жүзеге асырған, тиісті Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалмаған және



бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткіші абсолюттік шамада көрсетілмей керісінше салыстырмалы немесе пайыздық шамаларда көрсетілгенмен, бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіту кезінде бюджеттік бағдарламаға енгізілген өзгерістердің салыстырмалы кестесі жасалмаған.

Тиісті қаржы жылдарының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың іске асыруы туралы есепті, сондай-ақ, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру туралы есеппен бір уақытта ұсынылатын түсіндірме жазба жасалмаған.

Ұйымдардың бекітілген даму жоспарларының 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспары әзірленбегені және бекітілуге ұсынылмағаны анықталған.

Сондай-ақ аудит бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың жеткіліксіздігін көрсетті. Осылайша аудит объектілерінің көпшілігінде бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша заңнама талаптарын бұзу фактілері анықталды, оның ішінде балансқа негізгі құралдарды кіріске алмау, активтерді («Каскад» тұрғын үй кешеніндегі 6 тұрғын үй) бухгалтерлік есепке алмау, негізсіз есептен шығару, заттай мүліктері, басқа да киім нысаны мен арнаулы киім-кешектері балансқа алынбай, шығыс етілгені, жол қауіпсіздігін қамтамсыз ету мақсатында аялдамалар жүйесін қалыптастыру құрылыс жұмыстары негізсіз шығыс етілгені, Түркістан қаласына қарасты 55 жолдарды орташа жөндеуден өткізу жұмыстары негізсіз шығыс етілгені анықталған.

Бухгалтерлік есеп құжаттарын тиісінше рәсімдемеу, бухгалтерлік есеп сапасының жалпы төмендегін көрсетті, жылдық бухгалтерлік баланс бойынша деректерді және кәсіпорынның 1С бухгалтерия бойынша бұрмаланған есепке бухгалтерлік корреспонденциясы беріліп, қайта түзу арқылы қалпына келтірілген нақты деректермен салыстыру барысында сәйкес келмейтіні анықталған.

Аудит объектілері мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті сақталмаған.

Аудит объектісі мемлекеттік сатып алудың мақсатына сәйкес түзілген тиісті келісім шарттар бойынша тараптардың қабылдаған міндеттемелерінің орындалу барысы мен оның уақтылылығын бақылау нәтижесінде тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы өзімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа тиісті уақытында жүгінбеген.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N242 Заңының 60 бабы 7 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде құрылысы басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген болып есептеледі. 2019-2023 жылдары 31 инвестициялық жоба іске асырылмай, жобалық-сметалық құжаттама жасатуға бюджеттен бөлінген қаржылардың тиімсіз жұмсалғандығы анықталды.

Құрылысы аяқталған объектілер бойынша Түркістан қаласы әкімдігінің қаулылары негізінде, бөлімнің теңгерімінен басқа мекемелердің теңгеріміне берілген. Алайда мемлекеттік сараптама қорытындылары мен ЖСҚ-ның құнына енгізілмей мекеменің теңгерімінде қалып қойған.

56 құрылыс нысандары бойынша Түркістан қаласы әкімдігінің теңгерімнен теңгерімге беру туралы қаулылары шыққанымен, осы күнге дейін тиісті мекемелердің теңгеріміне берілмеген.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі N310 Заңының 4 бабының, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N242 Заңының 68 бабы 1,2 тармағының талаптары сақталмай, жерге меншік құқығы болмаса да, құрылыс процесінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркемей, спортзал құрылысы жүзеге асырылған.

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-тармағының талаптары сақталмаған. Мекемемен 2021 жылы пайдалануға берілген 3 ирригациялық канал қазіргі уақытта бөлімінің балансында есепте тұр.

Аталған пайдалануға қабылданған 3 нысан бойынша қалалық коммуналдық мүліктер қалалық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп берілмеген.

Түркістан қаласы әкімдігінің 11.02.2022 жылғы №319 қаулысының 1 тармағында Түркістан қаласындағы 45 көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу көрсетілсе, ал 3 тармағында 46 көпқабатты тұрғын үйлер көрсетілген.

Одан басқа аталған қаулының 5 тармағына сәйкес кредит 7 (жеті) жылға 0,1% (нөл бүтін оннан бір) жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша теңгемен берілген және есептелген сыйақыны соңғы төлеу 2031 жылдың 10 шілдесіне белгіленген.

Алайда үш жақты жасалған 04.05.2022 жылы №1 кредиттік келісім шарттың 2.1. тармағында «кредит беру мерзімі 6 (алты) жыл» және 3.3. тармағында «есептелген сыйақыны соңғы төлеу 2029 жылдың 10 шілдесі» деп айқындалған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 мамырдағы №300 қаулысымен бекітілген «Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге 2022 жылға арналған кредит берудің негізгі шарттарының» 1 тармағы 2) тармақшасының талаптары сақталмаған

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 177 бабы 2 тармағы 3) тармақшасының, 178 бабы 3 тармағының талаптары сақталмай, тиісті саланың уәкілетті органы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің алған таза табысын бөлу туралы шешімнің уақтылы қабылдануын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мемлекетке тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне арналған жауапкершілігі шектеулі

серіктестіктің таза табысының бір бөлігін жалғыз қатысушы шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде уақытылы аударуын қамтамасыз етпеген.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-3 бабының 2-тармағының 11) тармақшасының талаптары сақталмай, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің көшпәтерлі тұрғын үйде лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету қағидалары бекітілмегені анықталды.

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Түркістан қаласы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының жұмсалуына, Түркістан қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Бұзушылықтар мен кемшіліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік қаржыларды пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің талаптарының сақталмауы болып табылады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

### **3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:**

**1.** Тексеру комиссиясының отырысында «Түркістан қаласы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының жұмсалуына, Түркістан қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

**2.** Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі танылсын.

**3.** Аудиторлық іс-шара барысында және аудиторлық қорытынды дайындау барысында барлығы 40 316 394,0 мың теңге өтеліп қалпына келтірілгені *(оның ішінде 40 310 323,5 мың теңге қалпына келтірілген, 3 405,4 мың теңгесі өтелген, бюджетке түсетін түсімдер 2 665,1 мың теңге қамтамасыз етілген)*, сондай-ақ, аудиторлық іс-шара барысында барлығы 19 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылғаны, әкімшілік шара көру үшін Түркістан облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 27 материал, Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасына 25 материал, Түркістан облысының жер инспекциясына 1 материал жолданып, 3 материал бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы назарға алынсын.

**4.** Аудиторлық қорытындыдан үзінді Түркістан қаласы әкімі мен мәслихат аппараттарына жолдансын.

5. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектілеріне ұсынымдар мен нұсқамалар жолдансын.

**1. Түркістан қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2023 жылғы 31 қазанға дейін «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-3 бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің көппәтерлі тұрғын үйде лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету қағидаларын бекіту бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

**2. Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2023 жылғы 01 қарашасына дейін «Түркістан жарық-тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің даму жоспарын және даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті мерзімінде бекіту бойынша жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

2) 2023 жылғы 01 қарашасына дейін «Түркістан жарық-тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің таза табысының бір бөлігін жалғыз қатысушы шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде толық аударуын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

3) 2023 жылғы 01 қарашасына дейін негізгі құралдарды бухгалтерлік есепке алу тіркелімдерінде дұрыс құжаттамалық ресімдеуді және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

4) 2023 жылғы 01 қарашасына дейін қалалық коммуналдық мүліктердің қалалық коммуналдық заңды тұлғаларға мерзімінде бекітіп берілуін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

**3. «Түркістан жарық-тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысына:**

1) 2024 жылғы 01 ақпанына дейін серіктестіктің жарғысын сәйкестікке келтіру және жарғылық капиталдың ұлғайтылғандығы туралы өзін мемлекеттік тіркеуден өткізген органға хабарлау бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

2) 2023 жылғы 01 қарашасына дейін мердігермен жұмыстарды орындаудың бастапқы және соңғы мерзімдері, сондай-ақ жұмыстардың жекелеген сатыларының аяқталу мерзімдері (аралық мерзімдері) көрсетілуін, яғни жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесінің бекітілуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдансын.

3) 2023 жылғы 01 қарашасына дейін кредит сомасының қайтарылуына байланысты кредитор, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі және қарыз алушы арасындағы кредиттік шартқа қосымша келісім жасау бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

4) 2023 жылғы 01 қарашасына дейін Кондоминиум объектілерін күрделі жөндеу бойынша біткен нысандардың пайдалануға беру актісімен уақытылы қабылдануын қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

5) 2023 жылғы 01 қарашасына дейін 01.04.2022 жылғы №274-А келісім шарттың жалпы құны сметадағы сомадан артығымен көрсетілуіне байланысты қосымша келісім шартпен тиісті өзгертулер енгізуді қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу ұсынылсын.

**1. Түркістан қаласының Әкіміне:**

1) 2023 жылдың 06 қазанына дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген Түркістан қаласы әкімдігінің «Бизнесті қолдау және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2023 жылдың 06 қазанына дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген Түркістан қаласы әкімдігінің «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысының (бұзылушылық орын алған кезеңде мекеме басшысының міндетін у.а.) тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**2. «Түркістан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі басшысына:**

1) 2023 жылдың 06 қазанына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2023 жылдың 08 қарашасына дейін қалпына келтірілуі тиіс 123 550,5 мың теңге бухгалтерлік есепті қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын.

**3. Түркістан қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2023 жылдың 06 қазанына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**4. Түркістан қаласы әкімдігінің «Бизнесті қолдау және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2023 жылдың 30 желтоқсанға дейін өтелуі тиіс 847,3 мың теңге қаржыны өтеу жөнінде шаралар қабылдансын.

**5. Түркістан қаласы әкімдігінің «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2023 жылғы 06 желтоқсанға дейін 1 097,2 мың теңге орындалмаған жұмыстарды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдасын.

2) 2023 жылғы 31 қазанға дейін 4 387,1 мың теңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіру жөнінде шаралар қабылдасын.

**6. Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2023 жылдың 06 қазанына дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2023 жылдың 08 қарашасына дейін қалпына келтірілуі тиіс 9 362 339,0 мың теңге бухгалтерлік есепті қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын.

3) 2023 жылғы 01 желтоқсанға дейін 63 971,8 мың теңге орындалмаған жұмыстарды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдасын.

4) 2023 жылдың 06 қазанына дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген Түркістан қаласы әкімдігінің инфрақұрылым және коммуникация бөлімінің «Түркістан қалалық газ инспекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұзылушылық орын алған кезеңде мекеме басшысының міндетін у.а.) жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын.

#### **7. «Түркістан жарық-тазалық» ЖШС басшысына:**

1) 2023 жылдың 06 қазанға дейін мекемеде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2023 жылғы 01 желтоқсанға дейін дейін 37 871,1 мың теңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіру жөнінде шаралар қабылдасын.

3) 2023 жылғы 01 желтоқсанға дейін 81 465,7 мың теңге орындалмаған жұмыстарды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдасын.

4) 2023 жылдың 06 қазанға дейін кондоминиум объектілерін күрделі жөндеу бойынша үнемделген 14 705,6 мың теңгені (жергілікті бюджетке 73,9 мың теңге, республикалық бюджетке 13 966,3 мың теңге) ББС-ның түсімдер сыныптамасының тиісті кодына бюджетке қайтару жөнінде шаралар қабылдансын.

#### **3. Тексеру комиссиясының мүшесі А.Жиенбеков:**

1) «Құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 1 097,2 мың теңгеге төлеуге берілетін шоттың заңдылығы мен негізділігін және жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген фактілері бойынша 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» №392-V Заңының 2 тарауы 5-бабының 3-1 тармағына сәйкес тиісті жұмыстар атқарсын. Атап айтқанда:

-2019 жылы 467024 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша «ОҚО, Түркістан қаласы, Аль-Фараби атындағы №10 мектептің спортзал ғимараты құрылысы» нысаны бойынша 2023 жылдың 08-09 маусым аралығында атқарылған жұмыстардың анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүргізіліп, нәтижесінде жалпы 1097,2 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі анықталған.

2) Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 63 971,8 мың теңгеге төлеуге берілетін шоттың заңдылығы мен негізділігін және жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген фактілері бойынша 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» №392-V Заңының 2

тарауы 5-бабының 3-1 тармағына сәйкес тиісті жұмыстар атқарсын. Атап айтқанда:

-813 035 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бюджеттік бағдармасы бойынша ««Түркістан қаласында спорт алаңшаларын орнату және абаттандыру жұмыстары» нысаны бойынша 2023 жылдың 2-3 тамызында атқарылған жұмыстардың анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) ішінара жүзеге асырылып, нәтижесінде Байбұрт көшесінің бойында теннис кортын салу, абаттандыру жұмыстары, №23 мектеп аумағында теннис корты және футбол алаңын орнату және абаттандыру жұмыстары, Саттарханов даңғылы аумағынан спорт алаңшаларын орнату және абаттандыру жұмыстары бойынша, жалпы 62893,2 мың теңгеге орындалмаған жұмыс көлемдері анықталған.

-813 035 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бюджеттік бағдармасы бойынша «Түркістан қаласындағы Саттарханов пен Майкотов көшелерінің арасындағы жасыл желектерді абаттандыру-суландырудың гидранттық жүйесін орнату» нысанының құрылысы жұмыстары бойынша 2023 жылдың ақпан айында атқарылған жұмыстардың анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) ішінара жүзеге асырылып, нәтижесінде жалпы 1078,6 мың теңгеге орындалмаған жұмыс көлемдері анықталды.

3) «Түркістан-Тазалық» жауапкершілігі серіктестік бойынша 48 656,5 мың теңгеге төлеуге берілетін шоттың заңдылығы мен негізділігін және жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген фактілері бойынша 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» №392-V Заңының 2 тарауы 5-бабының 3-1 тармағына сәйкес тиісті жұмыстар атқарсын. Атап айтқанда:

- «Түркістан қаласы, Т.Бәйтерекұлы көшесі, №16,17,18,19 көпқабатты тұрғын үйді күрделі жөндеу», «Түркістан қаласы, Тәукехан көшесі, №274-Б көпқабатты тұрғын үйді күрделі жөндеу» және «Түркістан қаласы, Н.Төреқұлов көшесі №10 көпқабатты тұрғын үйді күрделі жөндеу» жұмыс жобалары бойынша 2022 жылғы мамыр, шілде, тамыз, қазан, қараша, желтоқсан айында атқарылған жұмыстардың анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) ішінара жүзеге асырылып, нәтижесінде жалпы 6802,3 мың теңгеге орындалмаған жұмыс көлемдері анықталған.

-«Түркістан жарық-тазалық» ЖШС-гі мен «Сырғанақты» ЖШС-гі арасында 23.02.2022 жылы «Түркістан қаласындағы Саттарханов пен Майкотов көшелерінің арасындағы жасыл желектерді абаттандыру-суландырудың гидранттық жүйесін орнату» нысанына қажетті тауарларды сатып алуға бойынша №365/1/5 мердігерлік келісім шарт түзілген.

Сонымен бірге аталған нысанның жұмыстарына «Түркістан жарық-тазалық» ЖШС-гі мен «Өркениет» ЖШС-гі арасында 23.02.2022 жылы №365/1/7 және «Строй Констракшн 2030» ЖШС-гі арасында 23.02.2022 жылы №365/1/6 келісім шарттар түзілген.

Жеткізілген тауарлар мен атқарылған жұмыстар «Түркістан жарық-тазалық» ЖШС-де 2022 жылдың наурыз, мамыр, маусым, шілде, 2023 жылдың ақпан, наурыз айлары аралығында №2 және №3 үлгідегі (форма №2, №3) атқарылған жұмыстар көлемі қабылданған. Нысан 2023 жылға өтпелі.

Жұмыс көлемдері сметалық құжаттама мен №2 нысандағы жұмыстардың орындалу актілеріне сәйкестігі салыстырылды.

Бақылау өлшемі (тексеріп қарау) ішінара жүргізу нәтижесінде «Түркістан қаласындағы Саттарханов пен Майкотов көшелерінің арасындағы жасыл желектерді абаттандыру-суландырудың гидранттық жүйесін орнату» нысанында жалпы 41854,2 мың теңгеге орындалмаған жұмыстар көлемі анықталды.

### **3.4 Қосымша:**

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.